

## БЕКІТЕМІН



«Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығының»  
КМҚК директоры

 Б.Х. Абдикерова

« 18 » 10 2024 жыл

### «БІР ОТБАСЫ-БІР КІТАП» акциясы аясындағы «ОҚЫРМАН ОТБАСЫ» байқауының облыстық іріктеу кезеңі

#### 1. ЕРЕЖЕСІ

1.1. «Оқырман отбасы» облыстық байқауын (бұдан әрі-Байқау) Қарағанды облысының білім басқармасының тапсырмасымен «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК өткізеді.

1.2. Облыстық байқау қалалар мен облыстардағы жалпы білім беретін мектептердегі, мамандандырылған мектеп-интернаттардағы оқушылардың отбасылары мен мұғалімдері арасында өткізіледі.

#### 2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

2.1. Байқау отбасылық оқу дәстүрлерін жаңғырту, жас ұрпақтың бойында отбасылық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, оқитын отбасыларды анықтау, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар арасындағы байланысты бірлесіп оқу арқылы нығайту, білім беру процесінде сенімді қарым-қатынастарды дамыту мақсатында өткізіледі.

#### 3. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

3.1. Қоғамда оқырман отбасының жағымды имиджін қалыптастыру және отбасылық оқу дәстүрлерін жандандыру.

3.2. Отбасылық оқуды ұйымдастырудағы кітапханалардың рөлін күшейту.

3.3. Өскелең ұрпақтың кітапқа және оқуға деген қызығушылығын ояту.

3.4. Оқудың беделін арттыру және отбасылық оқу дәстүрлерін жандандыру мәселесіне қоғамның, мұғалімдердің, ата-аналардың назарын аудару.

3.5. Бірлесе оқыған кітаптар негізінде шығармашылық жұмыс жасауға бағытталған мұғалімдердің, оқушылардың және ата-аналардың іс-әрекетін белсенді ұйымдастыру.

## 4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Іріктеу кезеңге аудандық/қалалық кезеңдердің және мамандандырылған мектеп-интернаттардың мектепшілік кезеңінің жеңімпаздары (отбасы және мұғалім) қатысады.

## 5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

5.1. Облыстық іріктеу кезеңді ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылады, олардың құрамы «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының бұйрығымен бекітіледі.

5.2. Ұйымдастыру комитетінің міндетіне кіреді:

- Байқау өткізу туралы ережені әзірлеу;
- шығармалар тізімін бекіту;
- байқау тапсырмаларының бағалау критерийлерін әзірлеу;
- білім бөлімдері мен облыстық білім беру ұйымдарының өтінімдерін қабылдау.

5.3. Қазылар алқасының міндетіне кіреді:

- Байқаудың әр кезеңінде байқауға қатысушыларды бағалау;
- Байқау қорытындысын шығару.
- Үздіктерді анықтап, ақтық кезеңге жолдама беру.

5.4. Ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттар жіберіледі:

- облыстық білім беру ұйымдары мен білім бөлімдері басшысының қолы мен мөрі қойылған қатысуға өтінім.

## 6. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

6.1. Бірінші кезең (мектепшілік іріктеу) – қараша 2024 жыл.

6.2. Екінші кезең (қалалық / аудандық іріктеу) – қаңтар, 2025 жыл.

6.3. Үшінші кезең (облыстық іріктеу) - наурыз, 2025 жыл.

6.4. Төртінші кезең (ақтық мәре)- мамыр, 2023 жыл.

6.5. Облыстық іріктеу кезеңге аудандық/қалалық кезеңдердің және мамандандырылған мектеп-интернаттардың мектепшілік кезеңінің қорытындысы бойынша (оқыту тілін ескере отырып) ең көп ұпай санын жинаған қатысушы отбасылар (отбасы және мұғалім) жіберіледі.

6.6. Байқаудың іріктеу кезеңі 4 конкурстық тапсырмадан тұрады:

6.6.1. **Book trailer (Буктрейлер) «Біздің сүйікті кітабымыз»**

➤ **Буктрейлер** – бұл оқылған көркем шығарма жайында айтылатын шағын бейнетүсірілім.

**Мақсаты:** көзбен көру арқылы кітаптарды таныстыру, насихаттау.

Буктрейлерді қатысушы отбасылар мұғаліммен бірге дайындайды.

6.6.2. **«Кейіпкерді тап» әдеби сайысы** – әр оқырман (отбасы мен мұғалім) берілген шығарма үзіндісінен кейіпкерді табады.

- Мысалы: «Әй, шырағым балам, әуелі аржағыңда әкең тұр... Сәлем бер!» - деді. (М.Әуезов «Абай жолы» 1-том. Ұлжан сөзі)

**Мақсаты:** қатысушылардың шығарманы мұқият оқығанын анықтау. Байқауға қатысушылар (мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар) үшін әртүрлі сұрақтар әзірленеді. Қатысушылар сұрақтарға жауап береді.

### 6.6.3. «Әдеби жекпе-жек» блиц-сұрақтар.

- қатысушылар 1 минут ішінде оқылған шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруі керек.

**Мақсаты:** барлық шығармаларды байқауға қатысушылар оқығанын анықтау.

### 6.6.4. Оқыған шығармаларынан сахналанған қойылым (5 минут).

«Сахналанған қойылым» байқауы аясында қатысушылар 5 минут ішінде оқыған кітабы бойынша қысқаша сахналандырылған сюжетті ұсынуы керек. «Сахналандырылған қойылым» байқауына қатысушы отбасылары мен мұғалім қатысады.

#### Бағалау критерийлері:

1. Шығарманың идеясын ашу.
2. Сөйлеу мәдениеті.
3. Костюмдер, реквизиттер.
4. Әртістік қабілет.
5. Регламент.

*Әр критерий бойынша қатысушылар 1-ден 5 ұпайға дейін бағаланады.*

#### Ескерту:

1. Костюмдер мен реквизиттер шығарманың мазмұнына сәйкес келуі керек. Бейне және музыкалық сүйемелдеу алдын ала дайындалуы керек. Сөз соңында тағылымды қорытынды жасау керек.
2. Байқаудың қалалық/аудандық және мамандандырылған мектеп-интернаттар арасындағы кезеңі өздерінің әлеуметтік желілерінде #оқырманотбасы хэштегі арқылы жарияланып отырылады. Іріктелген шаралар, бейнероликтер, т.б. шаралар облыстық Facebook және Instagram парақшаларында #оқырманотбасы хэштегі арқылы жарияланады.

#### Облыстық Facebook және Instagram парақшаларына сілтеме:

Instagram - [https://instagram.com/bir.otbasy\\_bir.kitap?r=nametag](https://instagram.com/bir.otbasy_bir.kitap?r=nametag)

Facebook - <https://www.facebook.com/profile.php?id=100056305772176>

## 7. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН КІТАПТАР ТІЗІМІ

### 7.1. Оқыту қазақ тіліндегі мектептер/сыныптар үшін:

Сынып	Оқуға ұсынылатын шығармалар
Бастауыш сынып	Қадыр Мырза Әли. «Не үшін?» «Жүзім жегісі келген қасқыр» ертегісі «Қазына иесі кім?» ертегісі

	«Ақбас торғай» ертегісі «Ғажайып бақ» ертегісі
5-сынып	Қазақ ертегілері «Қобыланды батыр» жыры Жүмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным» М. Қабанбай «Бауыр» Ш. Айтматов «Ақ кеме» Д. Дефо «Робинзон Крузо»
6-сынып	Қазақ ертегілері «Алпамыс батыр» жыры С. Мұратбеков «Жусан иісі» повесі О. Бөкей «Тортай мінген ақ боз ат» М. Әуезов «Көксерек» Э. Хемингуэй. «Шал мен теңіз» Ж. Верн «Он бес жасар капитан»
7-сынып	Қ. Қайсенов «Партизан соқпақтары» Қабдеш Жұмаділов «Сәйгүліктер» Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» Толымбек Әбдірайым «Алабұға аулаған күн» (хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар) Д. Свифт «Гулливвердің саяхаттары» Александр Грин «Алые паруса»
8-сынып	Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» романы Б. Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» повесі Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш» романы Берқайыр Аманшин «Махамбеттің тағдыры» романы Александр Бек «Волоколам тас жолы» Марк Твен «Том Сойердің бастан кешкендері»
9-сынып	Шерхан Мұртаза «Ай мен Айша» романы Мұхтар Мағауин «Таының өлімі» Қажығали Мұханбетқалиұлы «Тар кезең» Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романы Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» романы Александр Дюма «Үш ноян»
10,11-сынып	Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясы Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы А. Сейдімбеков «Аққыз» повесі Смағұл Елубай «Ақ боз үй» трилогиясы Оралхан Бөкей «Атау кере» повесі Баққожа Мұқай «Өмірзая» романы Төлен Әбдікұлы «Оң қол» әңгімесі Немат Келімбетов «Үміт үзгім келмейді»

## 7.2. Оқыту қазақ тілінде емес мектептер/сыныптар үшін:

Сынып	Оқуға ұсынылатын шығармалар
-------	-----------------------------

Бастауыш сынып	«Ақыл мен Білім» ертегісі Спандияр Көбеев «Құстың ұясы» Сансызбай Сарғасқаев «Құмырсқа мен қарқоңыз» Ыбырай Алтынсарин «Әке мен бала» Ахмет Байтұрсынов «Шегіртке мен құмырсқа»
5-сынып	«Ер Төстік» ертегісі Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» Ә.Тәжібаев «Сырдың сұлу өзені» өлеңі А.Құнанбаев «Шегіртке мен құмырсқа» (И.Крыловтан) Ы. Алтынсарин «Егіннің бастары»
6-сынып	«Алпамыс батыр» жыры Ә.Тәжібаев «Толағай» ертегісі С.Мұратбеков «Жабайы алма» ертегісі Д.Досжан «Ергежейлі» әңгімесі А.Байтұрсынов мысалдары
7-сынып	М.Әуезов «Көксерек» повесі Ғ. Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» әңгімесі М.Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы
8-сынып	Т.Айбергенов «Ана» өлеңі Ш.Мұртаза «Интернат наны» әңгімесі Ш.Айтматов «Қош бол, Гүлсары» дастаны А.Құнанбаевтың қара сөздері М.Әуезов «Еңілік-Кебек» пьесасы
9-сынып	О.Бөкей «Тортай мінген ақ боз ат» әңгімесі Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы А.Сейдімбек «Тауға біткен жалбыз» әңгімесі
10-11 сынып	А.Құнанбаев «Масғұт» поэмасы Ғ.Мұстафин «Қарағанды» романы М.Әуезов «Қилы заман» С.Сейфуллин «Бақыт жолында» пьесасы М.Жұмабаев «Сұлушаш» поэмасы Қ.Жұмаділов «Қаздар қайтып барады» повесі

### 7.3. Оқыту мемлекеттік тілдегі емес мектептер/сыныптар үшін:

№	Автор	Произведение
<b>Начальный класс</b>		
1	Сергей Михалков	«Как друзья познаются»
2	Евгений Шварц	«Сказка о потерянном времени»
3	В.Осеева	«Волшебное слово»
<b>5 класс</b>		
1	М.Д.Зверев	«Добрый верблюжонок Боту»

2	С.Т.Аксаков	Сказка ключницы Пелагеи «Аленький цветочек»
3	М.Твен	«Приключения Тома Сойера и Гекльбери Финна»
4	А.П.Чехов	«Каштанка»
5	М.М.Пришвин	«Изобретатель»
<b>6 класс</b>		
1	Ф.Ремпт	«Последняя тайна драконов»
2	Анке Бер	«Эндрес, сын купца. Из жизни средневекового города»
3	З.Наурызбаева, Л.Калаус	"В поисках Золотой чаши. Приключения Бату и его друзей".
4	А. де Сент-Экзюпери	«Маленький Принц»
5	Р.Киплинг	«Книга джунглей»
<b>7 класс</b>		
1	М. Ауэзов	«Серый лютый»
2	Бунин И. А.	«Лапти»
3	Е. И. Носов	«Живое пламя»
4	А.К.Дойл	«Приключения Шерлока Холмса»
5	Д. Лондон	«Белый клык»
<b>8 класс</b>		
1	А. Дюма	«Три мушкетёра»
2	М.Шаханов	«Книга памяти»
3	К. Дойл	«Приключения Шерлока Холмса»
4	Р. Фраерман	«Дикая собака Динго, или Повесть о первой любви»
5	Евгения Пастернак и Андрей Жвалевский	«Я хочу в школу!»
<b>9 класс</b>		
1	А. Кунанбаев	«Слова назидания»
2	Рэй Брэдбери	«Человек в картинках»
3	Л.Н. Толстой	«Кофейня Сурата»
4	И.С. Тургенев	«Записки охотника»
5	У.Шекспир	«Гамлет»
<b>10 - 11 классы</b>		
1	И. Есенберлин	«Кочевники»
2	Ч.Айтматов	«Плаха»
3	И. Бунин	«Чистый понедельник», «Легкое дыхание» (на выбор)
4	А. Блок, А. Ахматова, С. Есенин, Н. Гумилев, О. Мандельштам, В. Хлебников	Русская классическая поэзия Н.Гумилев «Капитаны»; А.Блок «Поэт»; О.Мандельштам «Вы, с квадратными окошками...»; А.Ахматова «Птицы смерти в зените стоят...»; С.Есенин «Видно, так заведено навеки...»
5	Стефан Цвейг	«Шахматная новелла»

## 8. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**8.1.** Қалалық/аудандық және мамандандырылған мектеп-интернаттарында жеңімпаз атанған Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының оқушыларының отбасылары І,ІІ,ІІІ дәрежелі дипломдармен және аудандық/қалалық білім бөлімдерінің сертификаттармен (мұғалімдер) марапатталады.

**8.2.** Облыстық іріктеу кезеңде үздіктер ақтық кезеңге (финал) жолдама алады. Қалған қатысушылар Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының сертификатымен марапатталады.

### **Ұйымдастырушылардың байланыс ақпараты:**

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК, **С. Сейфуллин көшесі, 8/2 үй; 44-56-14**

КЕЛІСІЛДІ

МД және ЖББ бөлімінің

менгерушісі



Г. Мукашева